

Осыдан бір ғасыр бұрын, Қызылорда астана болған жылдары қазақ ақын-жазушыларының жарық көрген кітабын төте жазудан аударып, бүгінгі оқырманға жеткізуге мандай терін төгіп жүрген Жұмабай Байзақ есімі көпке белгілі. Үнемі ізденісте жүретін кейіпкеріміздің ұлт тарихын түгендеуде қосқан үлесі зор. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұвтың домбырасын табуға көмектескені тағы бар. Ел тарихын түгендесек, туған жердің әр тасын сөйлетсек деп жүрген Жұмабай ағамен сұхбаттасудың сәті түсті.



Жұмабай БАЙЗАҚ, өлкетанушы:

БҰЛ ДҮНИЕДЕ БІЛІМ ҮЙРЕНЕМ ДЕГЕН ЖАСТАРҒА БІР ПАЙДАМЫЗ ТИСЕ ДЕЙМІН

– Жұмабай аға, Қызылорда астана болған жылдарда Сыр өңіріндегі баспадан шыққан қазақ ақын-жазушыларының, ұлт зиялыларының еңбегін араб қарпінен кириллицаға аударып жүрісіз. Бүгінгі күнге дейін қанша еңбек аудардыңыз?

– Қызылорда облыстық өлкетану музейінде екі жүзге жуық сирек кітаптар қоры бар. Әуелі 1909 жылы Кәкітайдың құрастыруымен Петерборда жарық көрген Абайдың өлең жинағын кирилл әрпіне түсіруден бастадым. Мұнан соң Алтынсариннің «Мақтұбатын», қазақ балаларына арналған 1899 жылы жарық көрген хрестоматиясын бүгінгі оқырманға жеткізуге жол аштым. Қазір бізге белгісіз болып келген Ақылбек бин Сабалдың екі кітабын, Ахметтің «Омар Қараш» өлеңдерін, Нысанбай жыраудың жинақтарға енген «Хан Кене һәм Наурызбай» жырының қысқаша нұсқасын аударып жатырмын. Қызылорда астана болған жылдары Сыр топырағында қызмет еткен ұлт зиялыларының еңбектерін, атап айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының төте жазумен жазылған кітаптарын, Бейімбет Майлиннің «Қос қақпан», «Бөліс», «Құлпаш», «Құрак» атты кітаптарын, Сәкен Сейфуллиннің «Экспресін», «Тарих толқынында», «Ұйым шарты және еңбек шарты», «Жалшы қорғаны», Мадияр-М. Дулатовтың «Шума қандай ауру», С. Мұқанұлының «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы» кітаптарын аудардым.

Қызылорда астана болған жылдары ұлттық мемлекеттік театрының қалай ашылғаны, жалпы театр деген не, ондағы әртістердің өсу жолдары, пьеса қалай жазылу керек деген сұрақтарға жауап беретіндей, жалпы көрерменге арналған Смағұл Садұақастың «Ұлт театры» мақаласы кітап болып шыққан екен. Сол еңбекті оқырманға араб қарпінен аударып, кітап етіп ұсындық. Бір сөзбен айтқанда, бас-аяғы жиырма алты кітап аударылды. Сол заманның бейнесін көрсететін, айына бір рет шығатын «Әйел тегіңіз» журналын да бүгінгі оқырманға ұсынып отырмыз.

– Өзіңіз музыка маманысыз. Сізді музыкадан гөрі ғылым, әдебиет, аударма ісі көбірек қызықтыратын сияқты. Қай кезден бері аудармамен шұғылданысыз? Араб тілін қалай үйрендіңіз?

– Аудармаға ден қоюым өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында басталды. Мектепте жұмыс істеп жүрген кезім. Бір күні наукастанып қалып, үш күн үйде жатып қалдым. Қарап жатқанша газет-журнал оқимын. Газет-журнал, кітап жинайтын әдетім бар еді. 1974 жылдан бері шығатын «Біздің Отан», кейін «Шалкар» деп аталған, А. Байтұрсынұлының төте жазуына негізделген араб әрпімен шығатын еларалық апталық газет болатын. Сол газеттің соңғы бетінде «Әліппе сабағы» айдары арқылы оқырмандарға төте жазуды үйретеді екен. Сол арқылы үш күн ішінде араб тілін үйреніп, жүргізіп оқитын дәрежеге жеттім. Кейін ауылда кәсіподақ комитетінің төрағасы болған кезімде ең алғаш наурыз тойын ұйымдастырғанда барлық ұранды араб және кириллица әрпімен жазып, елдің ұлттық дәстүрге деген құрметінің артуына үлес қосқандай болғаным бар.

Үйренем деген адамға қазір мүмкіндік көп қой, шаруашылықта қызмет еткен кезде елге келген өнер, әдебиет майталмандарының үйіме қонақ болып, дастарханның дәм татқандармен болған әр кездесу өз алдына бір мектеп. Әйгілі Сұлтанмахмет Қожықов, археолог М. Елеуов, Сәуле Қожықова, Манап Көкенов, Сағи, Мәди Әшімовтермен өткізген әр сағат білген жанға өнеге сабағы сияқты, өмірімің сәуелі сәттері десем болады.



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Ақмешіт

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

24 маусым
сейсенбі

№46 (2159)

2025 жыл

апталығы

ТҮНГІ ҚАЛА ҰЙҚЫНДЫ ҰРЛАМАСЫН



Жасөспірімдер қылмысы жарға жықпасын. «Шыбықты жастайында қалай исең, солай майысып өседі» демекші, қоғам жасөспірімдердің құқық бұзушылығының алдын алуда. Бүгінде Қызылорда қаласы әкімінің жанынан құрылған жедел топ қала аумағындағы ойын-сауық орталықтарында түнгі уақыттарда рейд ұйымдастыруда. Жүйелі жұмыс нәтижесі қалмайды.

– Басты мақсат – жасөспірімдердің беймезгіл уақытта ата-аналарынсыз жүруінің алдын алу, қауіпсіз орта қалыптастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу. Рейд барысында баласына дұрыс бақылау жасамаған 31 ата-анаға әкімшілік хаттама рәсімделіп, шара көрілді. Жастардың қауіпсіздігі – баршамызға ортақ жауапкершілік, – дейді қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев.

Бұл мәселе республика бойынша қолға алынған. ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында әкімдіктер, орталық мемлекеттік органдар, салалық ведомстволар мен қоғам өкiлдерінің қатысуымен кеңейтілген кеңес өткізген болатын. Онда да балалардың жазғы уақыттағы қауіпсіздігі тақырыбы терең қозғалды. Ермек Көшербаев кеңесте жазғы демалыс, балалардың бос уақыты мен жұмыспен қамтылуы мәселелерін айтты. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, биыл 3,2 млн бала жазғы демалыспен қамтылмақ. Қазір 10 мыңнан астам мектеп жанындағы лагерь, 204 қала сыртындағы орталық және 17 жыл бойы жұмыс істейтін нысан қызмет көрсетуде. Ұйымдастыруға 2500-ден астам

студент пен 800 ерікті жұмылдырылған. Республикалық ведомстволарлық штаб құрылып, санитарлық және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жолға қойылған.

– 3,2 млн баланы жазғы демалыспен қамтуды жоспарлап отырмыз. Қажетті жағдайлар жасалған: лагерлер, жыл бойғы нысандар жұмыс істейді, өңірлік штабтар құрылған. Әр лагерьге санитарлық және құқық қорғау мамандары бекітілген. Түсіндіру және оқыту жұмыстары жүргізілуде. Дегенмен тәуекелдер сақталып отыр, сондықтан санитарлық нормалардың сақталуына жеке жауапкершілікті күшейтіп, бақылауды арттырамыз. Балалар үшін жазғы демалыс мазмұнды әрі қауіпсіз болуы тиіс, – деді оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспанов.

Әлбетте, жазғы демалыс екен деп, баланы жан-жақты тыйып тастауға да болмас. Әйтсе де, бейімі бар баланы қауіпсіздігіне сай үйірмелер мен курстарға апару – мәселені шешудің негізгі тетіктерінің бірі. Ал қоғамдағы құқық бұзушылық атаулының басым бөлігі түн мезгілінде болатынын ескерсек, Қызылордадағы түнгі рейд талай жасты тура бағытқа сілтейтіні анық.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚАРАШАҢЫРАҚ



ДАРЯДАЙ ТЕРБЕЛГЕН ТІРШІЛІК

Сырдың бойын жағалай қонған, көне тарих пен бүгінгі тірліктің тоғысқан тұсы – Қызылөзек ауылы. Бұл мекен – жай ғана ауыл емес, өткеннің өнегесі мен болашақтың үміті қатар өрілген қасиетті қоныс. Тарихының тамыры тереңде жатқан бұл өңір – еңбекпен өсейген, шежіремен шаттанған өлке. Кеңестік кезеңде қарақол қойын түлеткен кеңшарларымен, күріші мен малымен аты шыққан Қызылөзек бүгінде жаңарып, жаңғырып келеді. Қараөзек дариясынан нәр алған ауыл тіршілігі замана көшіне ілесіп, жаңа белестерге бет түзеген.

Қалаға қашық емес, көңілге жақын бұл ауылда бүгінде береке мен бірлік бар. Инфрақұрылым қалыпқа келіп, кәсіпкерлік қанат жайған, мәдениет пен білім саласында да ілгерілеу байқалады. Қызылөзекке арнайы барып, ауылдың өткенін парактап, бүгінгі тынысын көзбен көріп қайттық. Бұл – тарих пен тірліктің, еңбек пен елдіктің шынайы суреті.

СҰХБАТ

Қазіргі заманда жасанды интеллект технологиялары барлық салаға дендеп еніп, жаһандық дамудың жаңа бағытына айналды. Бұл үдерістен Қазақстан да шет қалмай, цифрлық трансформацияны жеделдетуге бағытталған нақты қадамдар жасауда. Осындай маңызды бастамалардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанынан Жасанды Интеллект институтының ашылуы. Бұл институт елімізде жасанды интеллект, деректерді талдау, киберқауіпсіздік сынды келешегі зор бағыттар бойынша жоғары білікті мамандар даярлауға, ғылыми зерттеулер жүргізуге және халықаралық әріптестік негізінде тәжірибе алмасуға арналған бірегей орталық ретінде құрылды. Институттың құрылу тарихы, даму бағыты, оқу бағдарламасы мен болашақ жоспары туралы Жасанды Интеллект институтының директоры, экономика ғылымдарының кандидаты Нұрлан Құлмырзаевпен сұхбаттасудың сәті түсті.



Нұрлан ҚҰЛМҰРЗАЕВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университеті жанындағы Жасанды
Интеллект институтының директоры:

БҮГІНГІ СТУДЕНТ — ЕРТЕҢГІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ КӨШБАСШЫСЫ

– Нұрлан Серікұлы, жаңадан ашылған Жасанды интеллект институтының құрылу тарихы туралы айтып берсеңіз.

– Жалпы алғанда, Жасанды интеллект институтының құрылуы – еліміздегі цифрлық трансформацияның нақты көрінісі. Ғылым және жоғары білім министрінің тапсырмасына сәйкес, республика көлемінде жасанды интеллект саласында мамандар даярлайтын білім беру орталықтарын құру бастамасы көтерілген еді. Осыған орай, 2022 жылы Корея Республикасының Білім министрлігінің қолдауымен SeoulTech (Сеул ғылым және технология университеті) және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті арасында LUPIC – Leading University Project for International Cooperation халықаралық бағдарламасы аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл тек қағаз жүзінде емес, нақты іске асқан ірі білім жобасына айналды. Нәтижесінде 2023 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанынан «Жасанды Интеллект Институты» (Institute of Artificial Intelligence) құрылып, ресми түрде жұмысын бастады. Бұл – Қазақстандағы жасанды интеллект бағытында құрылған ең алғашқы білім беру институты. Айта кету керек, біздің университеттің бұл бағыттағы бастамасы кездейсоқ емес. 1937 жылы Корея елінен Қазақстанға депортацияланған ғалымдар мен педагогтар Қызылорда өңірінде алғашқы жоғары оқу орындарының негізін қалаған болатын. Сол тарихи сабақтастықты негізге ала отырып, бұл ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтердік.

ҚЫЗЫЛӨЗЕК: ЕҢБЕКПЕН ЕСЕЙГЕН, ҮМІТПЕН ӨРЛЕГЕН АУЫЛ

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ

Қызылөзектің тарихы – тұтас бір дәуірдің шежіресі. Бұл өңірде ертеректе Қараөзек болыстығының №2 ауылы болған. Кеңес кезеңінде ел еңсесін көтерген қолхоздар құрылып, мыңдаған халық егін егіп, мал бағып, тіршілік тізгінін ұстады. Жер-Ананы түлеткен қарапайым еңбек адамдары бұл даланың нағыз иесі екенін дәлелдеді. 1956 жылы ет бағытындағы совхоз болып құрылған Қараөзек кеңшары 1962 жылы қаракөл қойын өсіруге мамандандырылған ірі шаруашылыққа айналды. Сол жылдары кеңшарда 45 мың қой, мыңнан аса жылқы мен түйе өсіріліп, мемлекетке мол өнім тапсырылып отырды. Жыл сайын 3 мың центнерге дейін ет, көлемі мол тері мен жүн ел қазынасын толықтырды.

Бұл ауыл тек еңбекпен емес, ерлікпен де танылды. Қой шаруашылығының үздігі Ахмет Халықов Социалистік Еңбек Ері атанып, ауыл мәртебесін биіктетті. Оның немересі Ғамзат Ахметов бүгінде ата жолын жалғап, «Ахмет» шаруа қожалығы арқылы кәсібін өркендетуде.

– Атадан-балаға мирас боп қалған осы кәсіпті қолға алдым. Әрине, үлкендердің жолын жалғау – біз үшін бақыт. Олардың салған сұрлеуінде жаман болып жүргеніміз жоқ. Отбасымыздың ырық-несібесін адалынан, маңдай термен тауып келеміз. Атақәсіп аш қалдырмайды, – дейді кейіпкеріміз.

Тарих дегеніміз – тірі адамдардың ісі десек, Қызылөзек сол істің ізін сақтап отырған ауыл. 1993 жылы ресми округ мәртебесін алған Қызылөзек 1997 жылдан бастап Қызылорда қаласының құрамына енді. Құрамындағы Қараөзек бекеті – теміржол шежіресінің тірі куәсі. Мұнда ХХ ғасырдың басынан келе жатқан вокзал, мұнара, көпір секілді сәулет нысандары әлі күнге дейін сақталған. Айнакөл ауылы болса, бұрынғы бақша-тәжірибе шаруашылығының ізмен көкөніс өсіру ісімен айналысқан мекен. Бүгінде ауыл шаруашылығындағы сол іздер жаңаша жалғасуда.

ТІРШІЛІГІ ТЫНДЫРЫМДЫ, ШАРУАСЫ ШИРАҚ

Қызылөзек – қол қусырып қарап отырмайтын жұрттың мекені. Ауыл халқы ертеден еңбекпен етене, тіршілікке тиянақты. Бүгінде округ аумағындағы негізгі күнкөріс көзі – мал мен егін шаруашылығы. Сонымен қатар кәсіпкерлік саласы да қарқын алып келеді. 2025 жылдың алғашқы бес айындағы есеп бойынша 197 кәсіпкерлік нысаны жұмыс істеп тұр. Бүгінде мұнда барлығы 30 шаруа қожалығы, 4 ауыл шаруашылығы кооперативі және 162 жеке кәсіпкер кәсібін дөңгелетіп отыр. Әрқайсысы ауыл экономикасына тірек болуда.

Солардың бірі – Қараөзек ауылының тұрғыны, кәсіпкер Алып Маймаков. Ерте жастан мал шаруашылығына бет бұрған ол бүгінде қазақтың атақәсібін қолға алып, дөңгелетіп келеді.

– Мал шаруашылығын кәсіби түрде жүргізуді бала кезден армандадым. «Бексұлтан» жеке шаруашылығын 2002 жылы бастадым. Содан бері бұл іс менің өмірлік кәсібіме айналды. 2022 жылы мемлекеттен 6 пайызбен жеңілдетілген несие алып, жылқы малын көбейтуге мүмкіндік алдым. Қазір шаруашылықта 80-ге жуық түйе, 100-ге жуық ірі қара, 110 бас жылқы бар. Қолда бар малдың бәрі – күнделікті тіршілігіміздің тіні. Малдың жайын білсең табыс та, тыныштық та болады. Ауылда отырып, адал еңбектің арқасында да өсіп-өркендеуге болатынына көзім жетті. Осы күнгі жастар үшін мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау – үлкен мүмкіндік. Мал шаруашылығы – бейнетті, бірақ берекелі іс, – дейді Алып Сейтжанұлы.

Ауыл тіршілігі тек малмен ғана шектелмейді. Қызылөзекте қолөнер мен тігін ісін кәсіпке айналдырған нәзік жандар да бар. Солардың бірі – жас кәсіпкер Әсел Елешова. Ол бүгінде өзінің брендин қалыптастырып, сән әлемінің жаңа тынысын ашып отыр.

– Тігін ісімен кәсіби түрде 2019 жылдан бері айналысамын. Мектепте оқып жүргенде-ақ, қолөнерге жақын едім, алайда тігінші, дизайнер болам деген мақсат айқын болмаған. Бірақ тағдыр тігін машинасының айналасына қайта-қайта әкелді, – деп бастады әңгімесін кәсіпкер Әсел Елешова. – Түрлі жұмыс істесем де, ине мен жіпті тастамадым. Кейін бір ательеге жұмысқа орналасып, тәжірибе жинадым. Бастапқыда пішуді үйренгім келген. Бірақ тапсырыс

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН ІСТЕР

Ауылдың бүгінгі келбеті – елдік ниет пен мемлекеттік қолдаудың бірлігінен туған нәтиже. Қызылөзек те бұл тұрғыда өзгелерден қалыс емес. Соңғы жылдары ауылдың инфрақұрылымын жақсарту бағытында ауқымды жобалар қолға алынды. Ең өзекті мәселелердің бірі – электр желілерін қайта жаңғырту еді. Қазір «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Қараөзек, Айнакөл және Қараөзек бекетінде осы жұмыс кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Жалпы құны – 1 млрд 192 млн теңге. Бұл – ауылдың жарығы мен тұрмысы сапалырақ болуына жасалған нақты қадам.

– Бүгінде жалпы ұзындығы 3,2 шақырым болатын үш көшеде, яғни, А.Құнанбаев, Қараөзек бекеті – 4, М.Жабағыұлы тұйығы тәрізді көшелерге жаңа жол төселіп жатыр. Сонымен бірге 292 млн теңгеге «Қожақ» көпірі күрделі жөндеуден өтуде. Бұл – Қараөзекке кіреберістегі басты өткел. Енді ауылға кіру де, шығу да қауіпсіз әрі ыңғайлы болмақ. Бұдан бөлек, Қорқыт ата көшесіне түнгі жарық шамдарын орнату, Айнакөл көшесіне жол салу, газдандырудың жобалық-металық құжаттарын әзірлеу, Қараөзек бекетінде балалар ойын алаңын салу сияқты жұмыстар алдағы жоспар қатарында тұр, – дейді ауыл әкімі Сәкен Әбдіжаппар.

Бұл – қағаз жүзіндегі уәде емес, нақты басталып кеткен шаруалар. Мемлекет пен халық мүддесінің тоғысқаны осындай тірліктен айқын көрінеді.

МӘДЕНИЕТ – ЕЛ РУХЫНЫҢ МӘЙЕГІ

– Қазір ауылдық клубта сегіз үйірме тұрақты жұмыс істейді. Балалар мен жасөспірімдерге арналған «Бозторғай» ән үйірмесі, «Жауқазын» би үйірмесі, «Көркемсөз» және «Қолөнер» бағытындағы топтар бар. Домбыра үйренгісі келетіндер үшін «Шертпен» үйірмесі бар. Үлкендер «Әжелер ансамбліне» қатысады. Жастар «Орда-kz» вокалды-аспапты ансамблі мен «ЖасStar» театр үйірмесі арқылы өнерге араласып жүр. Аптаның әр күнінде үйірмелер өз кестесімен жұмыс істейді. Қатысушылар белсенді, балалар да, ата-аналар да қызығушылық танытып келеді. Сонымен қатар клубта балаларға арналған танымдық және тәрбиелік бағыттағы фильмдер, мультфильмдер көрсетіліп тұрады. Бұл да бос уақытты тиімді өткізудің бір жолы, – деді клуб директоры Айдос Байкенов.

Байқасақ, мұнда өнерге таласы бар әр баланың бейіміне қарай жол бастауға мүмкіндігі көп. «Ел іші – өнер кеніші» дегендей, ауыл ішінде өнерпаздарға құрмет те жоғары. Бұл сөзімізді клуб директоры да қуаттады.

– Қызылөзек – өнерге жақын ауыл. Осы жерден шыққан танымал әншілер бар. Мысалы, ерекше стилімен қазақ музыкасына жаңаша леп әкелген Ғалымжан Молданазар, сондай-ақ өздеріңізге белгілі әнші Тұрар Ыдырыс біздің ауылдан шыққан. Олар – ауыл жастарына үлгі. Клуб жай ғана сахна емес, өнер мен тәрбие қатар жүретін орта. Балалар осында сахнаға шығуды, көптің алдында сөйлеуді, жауапкершілікті үйреніп жатыр. Біз үшін ең маңыздысы, солардың бойынан сенімділік пен өнерге деген қызығушылықты көру, – дейді Айдос Байкенов.

Ауылда артық даңғаз жоқ. Бірақ әр бұрышында өз үні, өз әлемі бар. Соның бірі – кітапхана. Есігін еппен ашқан сайын сыр бүккен сөрелер мен үнсіз тізілген кітаптар көзге түседі. Мұнда ешкім асығыс келмейді. Себебі бұл – білімге бет бұрған жанның аялдайтын орны. Қызылөзек ауылдық кітапханасы тым шулы емес, бірақ тым терең. Қарапайым ауыл тірлігінің арасында руханияттың шырағын сөндірмей отырған мекен.

– Қазіргі таңда кітап қорымызда 14 мыңға жуық кітап бар. Әр жанр бойынша сұрыпталған. 850-ге жуық оқырман тіркелген, оның көбі – тұрақты келіп тұратындар. Оқу залында отырып кітап қарауға да, үйге алып кетуге де мүмкіндік бар. Кітапхана тек кітап беріп, қабылдайтын орын емес. Әдеби кештер, көрмелер, тәрбие сағаттарын өткізіп тұрамыз. Балалардың кітапқа деген ықыласын оятуға тырысамыз. Әр бала оқысын, ойлансын, өзіне бір жол ашсын дейміз. Кітап – соның кілті, – дейді кітапханашы Мираш Досмырзаева.

Сондай-ақ Қызылөзек ауылындағы Тағзым алаңы биыл қайта жөндеуден өтті. Алаң аумағы абаттандырылып, брусчатка төселіп, көріктендіру жұмыстары жүргізілді. Бұл жер – ауыл тұрғындары үшін тек ескерткіш ғана емес, тарихты көрсететін қасиетті орын. Аланда Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштермен қатар, осы өңірден шыққан елге танымал тұлғалардың есімдері де ұлықталған. Солардың қатарында жыраулық өнердің биік өкілі Мұхаммедияр Жабағиев, мемлекет және қоғам қайраткері Нағи Илиясов сынды азаматтар бар.

Бұл – ауыл жастарына өткенді ұмытпай, елге қызмет еткен ерлерден үлгі алуға бағыт беретін рухани-тәрбиелік орын. Мектеп оқушылары мен ауыл тұрғындары жиі барып, тағзым жасап, тарихпен танысады. Естелігі бар ел – тамыры терең халық.

– Бұл – жай ғана ауыл емес, тарих пен тағылымның тоғысқан мекені. Кеңес дәуіріндегі кеңшардың ізі әлі күнге дейін сезіліп тұрады. Бірақ біз өткенге қарап отыра алмаймыз. Қазір бізге керекті – нақты қадам, жарқын жоспар, – дейді ауылдық округ әкімі Сәкен Әбдіжаппар.

Қызылөзек – өткенін ұмытпаған, бүгінін бағалап, болашағына сеніммен қадам басып келе жатқан ауыл. Ауыл тұрғындары – еңбекке етене, бірлікке бекем жұрт. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулар мен тұрғындардың өз ісіне жауапкершілікпен қарауының арқасында округтің келбеті күннен-күнге жаңарып келеді. Газдандыру, жол, жарық, кәсіпкерлік, мәдениет пен білім саласындағы жұмыстар – мұның бәрі ауыл өмірінің алға басып, өркендеп келе жатқанын көрсетеді. Жас мамандар ауылда қалып, кәсібін бастаса, тағы бірі мәдениет пен спортқа бет бұрып жатыр. Бұл – ауыл тіршілігінің тоқтамай, үнемі қозғалыста екенінің айғағы.

Дарияның бойын мекендеген осы елді мекеннің әрбір иірімі – тарих, әрбір тірлігі – үміт. Ауылдың келешегі – ауылда қалып, еңбек етіп жүрген осындай азаматтардың иығында. Сол иық мықты болса, Қызылөзек те биіктей бермек.

Нұржан
НҰҒЫМАДИЛЛА

*Бүгінде
жалпы ұзындығы
3,2 шақырым болатын
үш көшеде, яғни, А.Құнанбаев,
Қараөзек бекеті – 4, М.Жабағыұлы
тұйығы тәрізді көшелерге жаңа жол
төселіп жатыр. Сонымен бірге 292 млн
теңгеге «Қожақ» көпірі күрделі жөндеуден
өтуде. Бұл – Қараөзекке кіреберістегі басты
өткел. Енді ауылға кіру де, шығу да қауіпсіз әрі
ыңғайлы болмақ. Бұдан бөлек, Қорқыт ата
көшесіне түнгі жарық шамдарын орнату,
Айнакөл көшесіне жол салу, газдандырудың
жобалық-металық құжаттарын әзірлеу,
Қараөзек бекетінде балалар ойын
алаңын салу сияқты жұмыстар
алдағы жоспар қатарында
тұр.*

берушінің
өзі маған
дәлдікпен тігу-
ді үйретіп жібер-
ді. Сөйтіп, біртін-
деп пішу мен тігуді қатар
менгердім. Әр жаңа киім – мен үшін

бір әлем. 2023 жылдан бастап «ASSYEL» деп аталатын өз брендімді қалыптастырып жатырмын. Қазір әйелдерге арналған заманауи қазаки нақыштағы пальто, қысқа шапан, сырт киімдер тігемін. Ерлер киімі де әзірленіп жатыр, жақында сатылымға шығарамыз. Барлық бұйым қолмен тігілген, ерекше үлгілерден құралады. «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 2,5% жеңілдетілген несие алып, тігін және тоқыма машиналары мен қажетті жабдықтарды сатып алдым. Қазір екі тігіншіні оқыту үшін «Мансап» орталығы арқылы өтініш беріп қойдық. Оқу аяқталған соң, оларды ресми жұмысқа аламын. Осылайша, ауылда жаңа жұмыс орындарын ашып, бір істің басын құрап жатырмыз. Ауылда отырып кәсіп бастау қиын емес, тек жүректегі қорқыныш пен сенімсіздіктен өту керек. Еңбекті ешкім көрмесе де, нәтиже өзі сөйлейді. Маған бұл кәсіп – табыс көзі ғана емес, жан тыныштығым, жүрек қалауым.

Басы 1-бетте



– Аударма жасаудың қызығы мен шыжығы туралы айтсаңыз...

– Хакім Абайдың: «Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп» деген сөз бар. Аударма болсын, кандай бір шығарма жазсаңыз да бұрын жазылған дүниені жаңғыртып, сол заман оқырмандарына жеткізе білу керек. Мен төте жазуды үйренумен шектеліп қалғаным жоқ арнайы ақылы курстар арқылы Құран оқуды үйреніп, бұл бағыттағы білімді тереңдете түсудемін. Тағы сол Абайдың бір сөзіне жүгінейік. «Есті кісілердің қатарында болғың келсе күніне бір мәрте, жұмасына бір, айына бір өзіңнен есеп ал! Не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күніңді өкінбестей қандай қылықпен өткізіпсің?» дейді. Бұл дүниеде де білім үйренем деген жастарға да бір пайдамыз тисе ғанибет болар еді.

Өткен жылы Серәлі Лапиннің «Переводъ надписей на исторических памятниках города Самарканда» деген 1895 жылы ескі араб тіліндегі орысшаға аударған жазбаларын қазақ тіліне аудардым. Бұл жұмыстың ерекшелігі Өмір Темір мавзолейі мен сол жердегі Шаһи Зинда басқа да тарихи ескерткіштердегі жазбалардың дені Құран сүрелері мен Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с-ның хадистері болғандықтан аударма кезінде мәтіндер Құран мен хадистен ауытқымай жазылуына қатты мән бердім. Ал араб әрпімен жазылған дүниелерді әсіресе қазақ зиялыларының шығармаларын зерттеп оқу әр адамның бойында ұлттық қолтың, ұлттық рухтың оянуына түрткі болатынын аңғарғандаймын. Мәселен, Ахмет әліппесін меңгеру мені ұлт ұстазы туралы зерттеуге тіпті оның туған топырағы Торғайға баруға жетеледі.

– Қызылорда ел астанасы болған кезеңді көп зерттеп жүрісіз. Оның ішінде Қызылорда атауының авторы Қожықов туралы зерттеп жүргеніңізді білеміз. Көпшілік біле бермейтін қандай дерек айтар едіңіз?

– Қызылорда астана болған жылдары ұлттың саяси, мәдени өміріне көптеген жаңалық әкелгенін көзқаракты оқырман хабарлар. «Құтты мекен Қоғалықкөл» атты кітабымда осы өңірдің тумалары Мұнайтпас Лапин, оның ұрпақтары және Қожықовтар жайлы жазылған. Гаспиринский негізін қалаған жәдідтік ілімнің Сыр өңіріндегі алғашқы қарлығашы іспетті мектеп ашқан Мұнайтпас ақсақалдың мектебіндегі ұстаз Қоңырқожа Қожықов та, астананы Қызылордаға көшіру жөніндегі үкіметтік делегация басшыларының бірі Сұлтанбек Қожанов та осы Мұнайтпастың күйеу балалары. Қызылорда атауын Қожановқа ұсынған Қоңырқожа Қожықов пен Ләтипадан қазақ өнерінің алыптары Құлахмет, Нұрахмет, Қожахмет, Сұлтанхмет сияқты ұрпақ тараған.

Қызылорда астана болған кезеңде Сыр өңірінде тұңғыш ұлттық театр ашылды, тұңғыш қазақ жоғарғы білім ордасы Қазақ Оқу Ағарту Институты жұмыс істеді. Онда Сәкен Сейфуллиннен бастап, Ахмет Байтұрсынов, Шонанов, Темірбек Жүргенов сияқты ұлт зиялылары жастарды білім нәрімен сусындатты.

– Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туған жеріне барып қайтқаныңызды айтып қалдыңыз. Қандай әсер алып қайттыңыз?

– Ахметтің төте жазуын үйрену, ұлт ұстазының Қызылордадағы қызметі жайлы архив құжаттарымен таныса келіп Ақанның туған жеріне бару мен үшін ең негізгі мақсатымның бірі еді. Сәті түсіп, 2022 жылы қыркүйек айының 2-і мен 5-сі аралығында «Сырдан Торғайға немесе Аханның ізімен» деген жоба аясында жолға шықтық. Мақсатымыз – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық тойына қатысып, ұлт ұстазының туған жерінде бой көтерген кесенесіне зиярат ету, жаңадан салынған музейін көру. Бүкіл қазақ елі ұлт ұстазын ұлықтап жатқан жылы осы дүрмекке үн қосып, топырағына тәу етіп, рухына құран бағыштау болатын. Ашаршылық жылдары Арқадан Сыр бойына ауып келген біздің ата-бабаларымыз да Торғай өңіріндегі Ақкөлдегі Сартүбек, Шошқақалді мекен еткен, Ахмет әулетімен тоскейде малы, төсекте жаны қосылған құдаланды-жежак жандар.

Торғай өңіріне сапар шегуіміздің тағы бір себебі – Сыр өңірі мәңгілік мекені болған ата-бабаларымыздың қорымына атамекенінің топырағын әкеліп салу. Жазушы Өнес Сарайдың бір сөзі бар еді: «Алаштың өзегі – Семей, жұлыны – Жымыпты, табаны – Торғай» деген. Міне, сол өңірді көру – кімнің болса да арманы.

Атамекенге 90-жылдан кейін табанымыз тиіп тұр. Ата-бабаларымыздың мекені – біз үшін де қасиетті жер. Осы өңірдің азаматтары С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат» кітабының кейіпкерлері Бүркіт – Сұлтанбек Өбеуұлы, Бәтес – Бәтима Бермағанбетова, Мүсәпір – Мұстафа Кошекұлы жайлы кітапта: «Өзін көрмеген Ақкөлге жеттік. Көлдің жағасында біз төрт-бес күн түнедік. Сонда қайран қалғанымыз – шөптесін жағасында өрген әр түсті балықтар ілеудегі құмырсқадай құжынайды. Бұл не деген тегін жатқан, бірақ пайдаға аспай жатқан мол байлық» деп суреттелетін Ақкөлге де жеттік.

Баяғы мол су кеткен соң Алакөлдін айналасы жалаңаштанып, айтақырға айналды. Көлдің көлемі кішірейгенімен жұмыссыз қалып, атамекенін қимай тұрақтап қалғандардың нәпақасын айыруға әлі де жарап тұр.

Әуелі Сарытүбектегі Шошақ әулетінің қорымына соғып, қонсы қос ауыл – Ақкөл мен Ахмет ауылының азаматтары елдік танытып, қаржы жиып Ақтаудың мәрмәр ақ тасынан салдырған кесенесіне зиярат етіп, арақтарға арнап Құран бағыштадық. Байтұрсының үйінің орнына салынған музейі-үйіне барып, сол жерде бізді құтып алуға келген аталас бауырлармен табыстық. Осы жерден 40 шақырым жердегі

Жұмабай БАЙЗАҚ, көшкетанушы:

БҰЛ ДҮНИЕДЕ БІЛІМ ҮЙРЕНЕМ ДЕГЕН ЖАСТАРҒА БІР ПАЙДАМЫЗ ТИСЕ ДЕЙМІН

біздің бабаларымыздың атақонысы Шошқақөлге барып, бабамыз Ізбастыұлы Байжан бабамыздың басына, көл жағасындағы жаз жайлауына барып, топырағына аунап жатып, бабалар рухымен қауышқандай күй кешті.

– Сізді Ахмет Байтұрсыновтың домбырасын табуға көмектесті дейді...

– Бұл сапарға аттануымызға себепші болған тағы бір жайтты әңгімелейін. Өркениетті елдерде көненің көзі, тұлғалар тұтыңған сынық түймеге дейін қастер тұтып, кейінгіге көрсетудің, жарнамалаудың түрлі жолдарын ұтымды ұйымдастыру ісіне ерекше мән береді. Біздің әр тау, төбеміздің астындағы тұнған тарихымыздың қадіріне әлі жете мән бермейтінімізді жасыра алмаймыз. Ал тарихи тұлғалардан қалған құнды жәдігерлеріміз – жазылмаған хат, аршылмаған ақиқат. Кейінгі ұрпақтың еншісіндегі баға жетпес байлығымыз болуы керек. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы аталып өткен айтулы жылда әрбір саналы азамат осындай игі іске үлес қосқысы келеді емес пе? Сол жылдың басында Алматыдағы музей үйінің жетекшісі Райхан Имаханбеттің: «Ахмет Байтұрсыновтың қолы тиген жәдігерлер өте санаулы. Сондай дүниелер болып жатса бізге хабарласыңыздар» деп әлеуметтік желіге жазған хабарламасын оқып, өткен күндердің тарихы көз алдымда тізбектеліп өте бастады.

Өңімінен әріден бастайын. Біздің аталарымыз Сыр бойына 1932 жылғы ашаршылықта келген. Қазіргі Торғай өңіріндегі Жанкелдин ауданындағы Ақкөл маңы – менің әкем Байзақ пен оның бауырларының туған жері, атамекені. Сыр бойындағы қазіргі Қоғалықкөл ауылына арып-ашып жеткен отыз адамнан тұратын көш осы тұстағы Сомтемір деген жерге тамаң тірейді. Арқадан ауған арғын, қыпшақтарының басын қосып қызыл комиссар Әліби Жанкелдин Қоғалықкөл ауылының негізін құрайтын төрт қолхоздың бірі – «Молотов» қолхозын құрып, осы жерге топтастырып кетеді. Сол күндердің белгісіндей болып осы Сомтемірде жерленген «Жұрымбайқызы Ақжан Жанкелдин қарындасы» деген белгі қойылыпты. Ал Ә.Жанкелдиннің інісі Томекені бала кезімізде көрдік, ауыл Жанактың табанында болғанда көрші тұрдық. Ұлт ұстазының өмірбаянымен таныс жандар Ахмет Байтұрсыновтың туған жері Торғай өңірі Ақкөл екенін білетін болар. Біздің аталарымызбен бір жерде туып, бір жердің топырағында аунап өскен жерлес жамағайын жандар.

қосады. Бірақ Айман апай да, Меруерт апай да аталған домбыра тарихынан хабарсыз болып шығады. Меруерт апайдың әңгімесі «Біздің үйде Ахмет туралы әңгіме болмайтын, үлкен кісілер өзара сыбырласып қана сөйлесетін, бізге Ахаң туралы да, домбыра туралы айтпаған, білмеймін» дегенге саяды.

Ал хабары шыққаннан-ақ құнды жәдігерді асыға күткен мұражай қызметкерлері домбыраны көргенде жылап жіберуге шақ қалады. Бір жағы, қуаныштан, екіншіден, оның кетеуі кеткен күйін көріп көңілі құлазиды. «Ахмет туралы естеліктерде «қызыл домбыра» деп айтылатын. Менің



Ал Ахмет Байтұрсыновтың – Арғынның Үмбетейі. Біз шежіре бойынша Арғынның Олжағұл аталығына жатамыз. Осы аталықтың Тұмасының Қойсары, Байдаулет деген екі баласы болған. Байдаулеттің шөбересі Бейістің жары – Ахмет Байтұрсыновтың қарындасы Зиялаш. Ал біз Қойсарының алтыншы ұрпағымыз. ҰҚК полковнигі Бәкібай Бейісов әкемізбен тірі кезінде қатысып тұрдық. Бәкібай әкеміздің Меруерт деген қызы қазір Алматыда тұрады.

Райхан Имаханбет ханымның жазбасын оқыған соң мен Алматыдағы қарындасым Луиза Абубакированың қолында Ахмет атамыздың домбырасы барын айтып, Райханға сүйінші хабарды жеткіздім. Сөйтіп, олардың бір-бірімен байланысуына жағдай жасалды. Кейін бұл айтулы оқиға алдымен әлеуметтік желіде, кейін бірнеше газеттерде жарияланды. «Қазақ әдебиеті», газетінің 28 мамыр 2022 жылғы санында тілші Қауар Құрманбайдың «Аханның домбырасы – тәзбірлік көріп, тау етер құнды дүние» деген мақаласында «Енді домбыра Луиза Абубакированың қолына қалай түскен дегенге келсейік. Райхан Имаханбеттің бұл орайдағы айтқаны: «Ахмет Байтұрсыновтың Зиялаш деген туған қарындасы Бейісов деген кісіге тұрмысқа шыққан. Олардың Бәкібай атты жалғыз ұлы болған. Бәкібай – Ұлттық Қауіпсіздік комитетінде істеген, чекист. Ахметтің жиені болғаны үшін біраз қудалау көрген. Луиза 1975 жылы оқуға түсуге келгенде туыс ретінде, сол кісілердің үйіне сөлем беруге барған. Айтуынша, Бәкібайдың үйіндегі кітап сөресінде Ахмет Байтұрсыновтың суреті тұрады екен. Бірақ жас қыз Ахметтің кім екенін ол кезде білмейді. Тек былайғы уақытта суреттің беті ашық тұратынын, ал үйге бөтен кісілер келгенде бірден көзден тасаланатынын байқаған. Тағы бірде амаңдасуға барғанында Бәкібай ағасы: «Мен осыны осынша уақыт сақтап келдім, ендігі жерде сен сақташы» деп, кімдікі екенін айтып, оған домбыраны береді. Сонымен, «Бірақ ол кезде Ахметтің аты да, заты да аталмаған, менің арғы аталарым білсе білер, өзім білген жоқпын ғой, соған онша мән бермеппіз, сөйтіп, бұл домбыраның қадіріне жетпеппіз, ағам айтқаннан кейін сізге әкеліп беруді өзіме парыз санадым», – дейді музейге келген Луиза.

Домбыраны алатын кезде Райхан Имаханбет Аханның туыстарын да шақырған екен. Шолпан апайдың қызы Айман, Луизаға домбыраны берген Бәкібай Бейісовтың қызы Меруерт – екеуі де жасы 80-нің үстіндегі кісілер. Барлығы музейде бас

көз алдыма қызыл түсті, үлкен домбыра келген. Мына домбыраны көргенде біртүрлі болып қалдық», – дейді Райхан сол сәттегі көңіл-күйін қалай жеткізерін білмей дағдарып. Ал ұлы ағартушы жөнінде түсірілген фильмде басты рөлде ойнаған актер Байғали Есенәлі домбыраны ұстап көріп: «Ол кездерде осындай 12 пернелі домбыра болған, мынау ойып жасалған екен. Ахандікі болуы әбден мүмкін. Анығын мамандар айтады ғой» депті. Бүгінде ұста қалпына келтірген домбыра музейде тұр.

– Ұлт ұстазы туралы да біраз зерттеп, іздегеніңіз байқалады...

– Өткен ғасырдың басында ұлты үшін керек барлық игі істердің көшбасшысы болған Ахаң жан-жақты, өте білімді жан болған. Қазақ әдебиеті мен өнерінің жанашыры ретінде ауыз әдебиетінің ән-күй жауһарларын жинап, кейінгі ұрпаққа жеткізуге өлшеусіз үлес қосқан. Бұл домбырамен қазақ ән-күйін зерттеп, жинақтаған Затаевичке бірнеше өнер туындыларын жаздырғаны жайлы деректер бар.

Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен қызметі жайлы бүкіл ел таныс болғандықтан, әңгімені ұзартпай ұлт үшін атқарған шоктығы биік көрінер бірнеше ісіне тоқтала кетейін. XIX ғасырдың аяғынан бастап орыс елінің басындағылар тарапынан қазақ елін отарлауды мақсат тұтқан шоқындыру саясаты жүргізіле бастады. Осы кезде Ахаң араб әліппесін жасап, осы зұлматтың алдын алуға орасан зор еңбек сіңірді. Қандай бір жазу болсын, ол дінімен байланысты. Латын жазуы католик, кирилл жазуы православ, араб жазуы ислам дініне негізделген.

1912 жылы қазақ әліпбиін төте жазуын қолданысқа енгізу үшін «Оқу құралы»н жазып қазақ әліппесінің бірінші кітабын шығарды. Сөйтіп, ғасырлар бойы ислам дінімен тығыз жымдасқан салт-дәстүрімізді сақтап қалу үшін өлшеусіз еңбек сіңірді.

1913-1918 жылдары қырғыз-қайсақ атанған жұртының атауын қайта жаңғыртып, «Қазақ» газетін шығарды. Бұл «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» ретінде оқу-ағарту ісіне қалай қызмет еткенін көзқаракты оқырман жақсы біледі. Біздің ел азаматтары шеттегі Қытағ, Иран, Моңғол еліндегі қандастарымызбен осы араб әрпімен жадидше жазу арқылы ақпарат алмасып отыр. Оған дәлел 1975 жылдан бастап «Біздің Отан» кейін «Шалқар» болып аталған

Алматыдан басылып шығатын газеттерді өздігімізше оқып, үйреніп өстік емес пе? 1919 жылы 27 тамызда бүкілресейлік ОАК-нің Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы шығып, жазған хаты – Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болған ұлт қайраткері екенінің дәлелі. Халық ағарту комиссары, ағартушы, ғалым, қоғам қайраткері, ұлт көсемі Ахмет Байтұрсыновтың атында оқу орындары, Қостанай әуежайы, ауыл атаулары, көшелер бар екенін жұрт біліп, көріп отыр.

1925-1928 жылдары Қызылордада тұрып, Қазақ халық ағарту институтында қызмет атқарып, ұлт оқу, ағарту жұмысының көшбасшысы болған. Бұл жылдардағы қызметі жайлы облыстық архив қорында көптеген құжат бар. 1928 жылғы 16 наурыздағы халық ағарту институтының отырысының хаттамасында қаралған он мәселенің бірі «Жаңа әліппені оқу бағдарламасына енгізу» жайлы Шонановтың хабарламасына сәйкес қаулы қабылданыпты. Қаулыда жаңа әліппені оқыту үшін жетіспейтін сағаттарды басқа пәндердің есебінен толықтыра отырып, оқытуды міндеттеген. Ал көзқаракты оқырман Аханның Қызылордадағы кезеңдерде «Тіл құралы», «Тіл жұмсар», «Әдебиет танытқыш» кітаптарын баспадан шығарғанын білсе керек-ті. Ал Шонановпен бірге жазған «Оқу құралы» да – осы кезеңдегі ұстаздың ұлт ісіне қосқан зор еңбегінің жемісі.

Бұдан өзге Аханның қай курстарда қазақ әдебиеті пәнінен қанша жүктемемен жұмыс жасағаны жайлы мәліметтер де кездеседі. Тіпті СССР географиясы пәнінен де қанша сағат алғанына дейін жазылған. Мемлекеттік қаржыны бақылау контролері Зарихиннің институт мұғалімдерінің, Ахмет Байтұрсыновтың бір рет денсаулығына байланысты, төрт рет өзге де себептермен дәріс бере алмаған кезінде артық төленген қаржыны институт қассасына қайтару жөнінде актісіне дейін қатталған.

Аханның Қызылордадағы өмірі жайлы Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова өзінің «Шындық шынары» атты кітабының 127-бетінде «Қызылордаға келісімен орналасқан үйіміз Ергали Қасымов төренің үйі болатын... Осы үйде біз 1925 жылдан 1929 жылға дейін әкем қамалғанша А.Байтұрсыновтармен бірге тұрғанбыз» деп жазды. Осы кітаптағы Аханның сол кездегі бейнесін суреттейтін мына жолдардан зиялы жанның келбеті анық көрініп тұр. «Ахмет ағай ұзын бойлы, ақ сары өңді кісі еді. Қомақты келген мұрнына салған пенесінің

қара жібек бауын оң жақ төс қалтасына алтын түйреуішпен қыстырып қоятын. Қонаққа не институтқа лекция оқуға барғанда сәнді қара костюмн киіп, галстук тағатын. Аханды жұмысқа жеңіл фазтонмен атқосшысы алып баратын. Үйдегі жұмыс кезінде ылғи көк ала, биқасап кең шапан, тақия киетін. Күндізгі төрттерде үйіне келіп, тамағын ішіп, екі сағат тынығатын. Кешкі шайынан соң түн ортасына дейін жұмыс істеп отыратын. Бұл қалыптасқан тәртібін бұлжытпай орындайтын, уақытын бір сағат та бос өткізбейтін. Бұл кісінің жұмысына кедергі келтірмеу үшін жора-жолдастары үйіне орынсыз бара бермейтін. Ахаң шаршаған кезінде, қолына домбырасын алып, қоныр дауысымен жайлап қана сүйіп салатын әндері «Елім-ай», «Екі жирен», «Қарагөз» болатын. Қазіргі «Қыз Жібек» операсында айтылып жүрген «Қарагөз» ариясы – Ахмет Байтұрсыновтың шығармасы».

1928 жылы Қазақ халық ағарту институты Алматыға көшірілгенде Ахаң да осы оқу орнымен бірге көшеді. 1929 жылы 2-маусымда Қызылордада өтетін әдебиетшілер жиналысына шақырылып, тұтқындалған.

Орыстың отарлау саясаты белен ала бастағанда оған қарсы тұрар жалғыз жол орыстың оқы мен білімін меңгеру екенін түсінген Ы.Алтынсарин Ырғызда, Торғайда мектеп ашып, жастардың білім алуына сіңірген өлшеусіз еңбегінің ұшқыны осы Торғай өңірінде ерекше қарқын алды. Міржақып, «Оян қазақ» деп ұрандаса, Ахаң «Маса» болып ұйықтап жатқан елді оқуға, заманына лайық кәсіпке үндеді. Олардан тараған білім бүкіл қазақ даласына жетіп жатты. Сол кезеңде білім алған ұлт зиялылары арқасында ілім білім, әдебиет, мәдениет қайраткерлерінің қарқайры көрінігеніне көрі тарих қуа. Бір өттен-айы, енді қарқын алып келе жатқанында алаулаған отты кеңестік жүйенің озбыр саясаты тұншықтырып тастауы еді. Осы ағарту ісінің басында тұрған Ахаңа құрмет көрсету біздің борышымыз деп білемін. Ырғыз арқылы ел-жер көріп Ахаң тойына барамыз деген үш күндік сапарымыз Аханның атамекеніндегі ата-бабалар қорымына, қайта салынған музей үйін көріп, салынған кесенесіне зиярат етумен ғана шектелді. Ақкөlden алты жүз шақырым жердегі өрттің кесірінен Аханның ЮНЕСКО көлемінде аталып өтуге тиіс тойы да өтпей қалды.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Нұрлан ҚҰЛМҰРЗАЕВ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы Жасанды Интеллект институтының директоры:

БҮГІНГІ СТУДЕНТ — ЕРТЕҢГІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ КӨШБАСШЫСЫ

– Институттың негізгі мақсат-міндеті қандай?

– Негізгі мақсат – өңірлік академиялық әлеуетті арттыру, ғылымды қолдау және жасанды интеллект саласында жоғары білікті мамандар даярлау. Бұл – еліміздің цифрлық трансформация саясатына сәйкес жүзеге асқан стратегиялық бастама. Біздің міндет – жасанды интеллект технологияларын ел игілігіне тиімді пайдалана алатын, экономика мен қоғам сұранысына бейімделген, жан-жақты IT кадрларын даярлау. LUPIC халықаралық бағдарламасы аясындағы басты міндет – жасанды интеллект мамандарын даярлайтын орталық құру және халықаралық білім беру мен ғылыми ынтымақтастықты нығайту. Біз осы стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруға кірістік. Институт тек білім берумен шектелмей, жауапты және этикалық жасанды интеллектті дамытуға да үлкен мән береді. Яғни студенттер тек техникалық құралдарды ғана меңгеріп қоймай, оларды қоғам мен адам игілігі үшін дұрыс әрі қауіпсіз қолдануды да үйренеді. Сондай-ақ біз жасанды интеллектті барлық білім беру бағдарламаларына интеграциялауды қолға алдық. Бүгінгі таңда менеджмент, экология, мұнай-газ, химия, тарих, педагогика сияқты түрлі салалардың оқу жоспарларына ЖИ элементтері енгізілуде. Ал 2025 жылдан бастап пән мазмұнының 30-40%-ы жасанды интеллектпен байланысты болады деп жоспарлануда. Осы бағытта біз Қызылорда қаласында деректерді талдау және жасанды интеллект технологиялары бойынша орталық құруды бастадық. Бұл орталық тек университеттің емес, тұтас өңірдің цифрлық дамуына қызмет ететін ғылыми, білім беру және стартап кеңістігіне айналады.

– SeoulTech университетімен серіктестік қандай деңгейде жүзеге асуда?

– Қорқыт Ата атындағы университет пен Оңтүстік Кореяның беделді жоғары оқу орны – SeoulTech университеті арасындағы әріптестік бүгінгі күні жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Бұл ынтымақтастық LUPIC халықаралық бағдарламасы аясында іске асырылуда және нақты нәтиже беріп отыр. Аталған жоба шеңберінде корей тарапы біздің университеттің материалдық-техникалық базасын жанартауға қолдау көрсетуде. Бүгінгі таңда Сеулден Қызылордаға 190 дана заманауи компьютер, 8 сервер, дрондарға арналған зертханалық жабдықтар, AR/VR құрылғылары және бейнеконференцияға арналған мультимедиялық жүйелер жеткізілуде. Бұл құрылғылар оқу және ғылыми зерттеу жұмысының сапасын арттырады. Сонымен қатар екіжақты ынтымақтастық тек техникалық қолдаумен шектелмей, академиялық әлеуетті дамытуға да бағытталған. SeoulTech университетінің тәжірибелі профессорлары Қызылордаға келіп, студенттерге дәріс оқи бастады. Алдағы уақытта бұл тәжірибе кеңейіп, Кореядан келетін оқытушылар саны артады деп жоспарлануда. Сонымен қатар оқытушылар Кореяға барып, біліктіліктерін арттырып жатыр. Бұл үдеріс университетіміздегі білім сапасының халықаралық деңгейге бейімделуіне ықпал етуде. Жалпы алғанда, екі жақты серіктестік үш негізгі кезең бойынша жүзеге асады. Бірінші кезең – инфрақұрылым мен кадр әлеуетін дамыту, яғни материалдық база қалыптастырып, оқытушыларды шетелдік тағылымдамаларға жіберу. Екінші кезең – академиялық білім алмасу бағдарламаларын дамыту. Бұл кезеңде корей профессорлары бізге келіп сабақ берсе, біздің студенттер мен оқытушылар SeoulTech университетінде оқып, тәжірибе жинайды. Үшінші кезең –

Басы 1-бетте



– Институттағы оқу бағдарламаларының ерекшелігі қандай?

– Жасанды Интеллект институтында оқу халықаралық стандарттарға толық сәйкес келетін, бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша білім алуға. Бұл бағдарламалар SeoulTech университеті мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің мамандары бірлесіп әзірлеген оқу жоспары негізінде жүзеге асады. 2024-2025 оқу жылынан бастап бұл бірлескен бағдарламалар ресми түрде іске қосылды. Біздің ел тарапынан мемлекеттік білім гранттары бөлініп, төрт білім беру бағдарламасының әрқайсысына грант қарастырылды. Бұл – аймақ жастары үшін халықаралық деңгейде білім алуға үлкен мүмкіндік. Оқыту толығымен ағылшын тілінде жүргізіледі. Бұл – кездейсоқ таңдау емес, қазіргі заманның және IT саласының нақты талабы. Себебі саладағы негізгі ғылыми әдебиеттер мен заманауи ресурстардың басым көпшілігі ағылшын тілінде жазылған. Сол себепті студенттеріміздің ағылшын тілін жетік меңгеруі – басты шарттардың бірі. Оқуға қабылданатын талапкерлерге қойылатын талаптар да жоғары. ҰБТ тапсырып, информатика мен математиканы жақсы деңгейде меңгеруі тиіс, ағылшын тілі бойынша емтихан тапсыруы немесе кемінде IELTS 5.0 деңгейіндегі сертификат ұсынуы



оқу бағдарламаларын толығымен бейімдеу, яғни SeoulTech әзірлеген контенттер мен оқыту әдістерін университеттің білім беру жүйесіне енгізу. Бүгінде студенттер ағылшын тілінде білім алады, қосымша корей тілін меңгеру курстары да ұйымдастырылған. Мұндай көптілді оқыту моделі түлектердің халықаралық еңбек нарығында еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Серіктестіктің тағы бір маңызды нәтижесі – қос дипломды бағдарламалардың іске қосылуы. Бұл бағдарлама бойынша студенттер оқуын Қызылордада бастап, кейін Сеулде жалғастырады. Оқу мерзімін аяқтаған соң, олар екі университеттің дипломын қатар алып шығады. Бұған қоса, студенттер Кореяның алдыңғы қатарлы компанияларында тағылымдамалардан өтуге мүмкіндік алады.



қажет. Бұл талаптар студенттерді сапалы іріктеу арқылы академиялық жүктемесі жоғары, халықаралық мазмұндағы оқу бағдарламаларын сәтті меңгеруіне жол ашады. Бағдарламалардың мазмұны – жасанды интеллект, машиналық оқыту, деректер аналитикасы, киберқауіпсіздік, нейрондық желілер, үлкен деректермен жұмыс істеу және басқа да озық технологиялық пәндерді қамтиды. Студенттер теориямен қатар, практикалық жобаларға қатысып, нақты деректермен жұмыс істеп, зертханалық тәжірибе жинайды.

– Институт жанынан дата-аналитикалық орталық құрылатыны айтылған еді. Бұл орталықтың маңызы қандай болмақ?

– Біздің басым бағыттарымыздың бірі – деректерді өңдеу және талдау орталығын құру. Қазірдің өзінде түрлі салалар бойынша үлкен көлемде мәліметтер жинақталуда. Сол деректерді тиімді пайдалануға ғылым мен бизнес

мүдделі. Корейлік әріптестеріміздің айтуынша, Қызылорда облысында мұндай дата-аналитикалық орталық құрудың маңызы зор, берер мүмкіндігі де мол. Институттың басты мақсаттарының бірі – осы жинақталған ауқымды деректерді өңдеп, Қазақстанның әртүрлі салалары үшін пайдалы сараптамалық ақпарат ұсыну. Яғни аналитикалық орталық өнеркәсіптен бастап, білім беру немесе медицина болсын, барлық салаларға үлкен деректер негізінде шешім қабылдауға көмектесетін зерттеулер жүргізеді. Бұл стратегия институт жұмысының негізгі бағыттарының бірі ретінде бекітілген. Алдағы уақытта деректерді сақтау инфрақұрылымын жетілдіріп, өңірдің өзінде ақпараттық хаб қалыптастыруды көздеп отырмыз. Осы орталық базасында студенттер де тәжірибе жинақтап, деректермен жұмыс істеу қабілеттерін арттырады.

– Институттың даму бағыты қандай? Қандай стратегиялық мақсат пен нақты жоспар бар?

– Жоспарлар көп. Ең алдымен, қазіргі бакалавриат бағдарламаларын табысты іске қосып алған соң, магистратура және докторантура деңгейінде де мамандар даярлауды бастау ойда бар. Бізге үлкен міндет жүктелгені тұр, сол жобаларды сәтті жүзеге асыру үшін SeoulTech университетімен бірлескен ғылыми зерттеулерді қолға аламыз. Тағы бір маңызды жоспар – аймақта IT өкөжүйесін қалыптастыруға үлес қосу. Институтымыз жанынан құрылған технологиялық бизнес-инкубаторды толық іске қосып, студенттер мен жас ғалымдарға өз жобаларын жүзеге асыруға жағдай жасаймыз. Сонымен бірге алдағы жылдары шетелдік жетекші университеттермен байланыс аясын кеңейтіп, академиялық ұтқырлық арқылы студенттер мен оқытушылардың халықаралық тәжірибе алмасуын көбейтпекпіз. Басты мақсатымыз – Қызылордада халықаралық талаптарға сай IT мамандарын даярлайтын озық орталық қалыптастыру. Бұл – тек бастамасы. Болашақта біздің институт түлектері Қазақстанның Кремний алқабы атануы мүмкін Сыр өңірінің атын әлемге танытып, жасанды интеллект саласында жақсы жаңалықтармен қуантатынына сенемін.

– Институтта генеративті жасанды интеллект құралдарын қолдану қаншалықты жүзеге асуда? Студенттер оларды қалай меңгеруде?

– Генеративті жасанды интеллект құралдарын қолдану қазіргі таңда біздің институттағы оқыту үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл технологияларды тек теориялық тұрғыда ғана оқытып қоймай, практикалық сабақтар мен жобалық жұмыстарда белсенді түрде пайдаланылып жатыр. Студенттер курстық, зертханалық, тіпті шығармашылық жобаларын дайындау барысында генеративті ЖИ шешімдерін қолдана алады. Мысалы, студенттер видеомонтаж жасауда, инфографика құруда, мәтін жазуда, презентация дайындауда ChatGPT, DALL-E, RunwayML, Canva AI секілді құралдарды меңгеріп, нақты өнім шығара бастады. Олар тек ЖИ-ді қолданушы ретінде ғана емес, оны оқу контентіне енгізіп, инновациялық тәсілмен қолдануға дағдылануда. Бұл – әсіресе, IT емес бағыттағы мамандықтарда оқитын жастар үшін ерекше тәжірибе. Бұдан бөлек, оқытушылар пәндік тапсырмаларды да ЖИ құралдарымен байланыстыра отырып құрастырады. Мысалы, Қазақстан тарихы пәнінен студенттерге белгілі бір тарихи оқиға немесе тұлға жайлы мәтін жаздыртып қана қоймай, соған негізделген визуал (генеративті сурет), бейне немесе анимация дайындау тапсырмасы беріледі. Бұл тапсырмаларды орындау барысында студенттер ЖИ генераторларын нақты мақсатқа бейімдеп қолдану тәжірибесін жинақтайды. Генеративті ЖИ құралдарын белсенді қолдану студенттердің шығармашылығын аша түссе, екінші жағынан, оларды жаңа цифрлық ортада еркін жұмыс істей алатын маман ретінде дайындайды.

– Сіздің ойыңызша, алдағы 5-10 жылда жасанды интеллект саласы қалай дамуы мүмкін?

– Жасанды интеллекттің қалай дамитынын нақты болжау қиын, себебі бұл сала динамикалық, күн сайын өзгеріп, жанарып отыр. Дегенмен бүгінгі трендтерге, ғылыми жетістіктерге және технологиялық серпінге қарап, алдағы 5-10 жылда ЖИ адамзаттың барлық өмірлік салаларына терең енетіні анық деп айта аламыз. Біріншіден, жасанды интеллект тек IT саласымен шектелмей, медицина, ауыл шаруашылығы, экология, білім беру, көлік, логистика және тіпті өнер мен мәдениетке дейін дендеп енетін болады. Демек, әрбір салада автоматтандыру, интеллектуалды шешім қабылдау, деректерді нақты әрі жылдам өңдеу мүмкіндігі артады. Мысалы, ауыл шаруашылығында егіс алқабын дрон арқылы бақылап, өнімділікті болжау немесе медицинада диагностика автоматты түрде қою болашақта емес, жақын арада кеңінен қолданылатын стандарт болмақ. Екіншіден, генеративті жасанды интеллект – мәтін жазу, бейне жасау, дизайн дайындау, тіпті ғылыми жобалар құруда кеңінен қолданылады. Бұрын тек адам жасай алатын шығармашылық процестерге енді алгоритмдер де араласуда. Сондықтан болашақ маман тек бағдарламалауды ғана емес, жасанды интеллектпен жұмыс істеу мәдениетін, этикасын, жауапкершілігін де меңгеруі тиіс.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан София ХАЙРУЛЛА

«Сыр медиа» ЖШС-не қарасты «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Гауһар Қожахметоваға апасы
Мейрамкүл Асқарқызының
қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391 Тапсырыс №1038

Нөмірдің кезекші редакторы Айлана БАҚТИЯР